

3.03.2019

Бар ізгілік бір өзіңнен басталады

Бәрі де ана, бір өзіңнен басталды,
Сен деп жаздым алғаш өлең дастанды.
Қуандым ба, өзің бар деп қуандым.
Жыладым ба, өзің жоқ деп жас тамды.



Бәрі де ана, бір өзіңнен басталды – деп Қадыр Мырзалиев ағамыз айтқандай Ана – тіршіліктің қайнар көзі, махаббаттың шуақ күні, мейірімнің кәусар бұлағы – Ананы ардақтамайтын халық жоқ. Нәресте өмірінің нәрі – ана сүті. Халықтың рухы, жаны, тарихы, арман үміті, болып табылатын тілдің де басқаша емес «ана тілі» деп аталуы тегін емес. Бұл – ұлттың тілі, ғұрып – салты, дәстүрі, тарихы, әдебиеті мен мәдениеті жас ұрпақ бойына ана сүтімен дариды деген сөз. Олай болса көктемнің алғашқы мерекесі ананың аялы алақанындай жүректерге жылулық ұялатады. Адамзаттың нәзік жандарына арналған мереке табиғаттың оянуымен бірге келіп отыр.

Осындай мақсатпен Кітапханамыздың абонемент бөлімінде

8 наурыз – Халықаралық әйелдер күніне орай «Бар ізгілік бір өзіңнен басталады» атты көрме – арнау ұйымдастырылып, шолу жасалынды.

Іс – шара барысында абонемент бөлімінің меңгерушісі 8 наурыз халықаралық әйелдер мерекесімен құттықтап, алғыс білдірді. Кітап көрменің мақсаты: Нәзік жанды аруларымыздың қоғамдағы рөлінің айтарлықтай екендігін дәлелдеп, оларға қуаныш сыйлау, анаға тек ұлылық тән екенін ұғындыру, анасын сүю арқылы еліне, жеріне деген сүйіспеншілігін арттыру. Іс – шарамызға қаламыздың оқу орындарының оқытушылары мен студенттер қатынасты.

